

"Ұлан ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 4 сәуірдегі № 131 "Ұлан ауданының жергілікті атқарушы органдарының "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалау Әдістемесін бекіту туралы" қаулысының күші жойылды деп тану туралы 2018 жылғы 16 сәуірдегі № 142 қаулысын ҚР НҚА эталон банкісіне тіркеу үшін

Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 16 сәуірдегі № 142 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Ұлан аудандық Әділет басқармасында 2018 жылғы 25 сәуірде № 5-17-170 тіркелді

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 46-бабының 2-тармағының 4) тармақшасына сәйкес, Ұлан ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ұлан ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 4 сәуірдегі № 131 "Ұлан ауданының жергілікті атқарушы органдарының "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалау Әдістемесін бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 5000 болып тіркелген және 2017 жылғы 11 маусымдағы Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің аппарат басшысының міндетін атқарушы Г. Байгонусоваға жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Ұлан ауданы әкімінің
міндетін атқарушы*

Д. Қажанов